

**"Қаржы лизингі туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне лизинг мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарын іске асыру туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2000 жылғы 7 қыркүйек. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2004.12.30. N 383 өкімімен.

"Қаржы лизингі туралы" Z000078\_ және "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне лизинг мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Z000075\_ Қазақстан Республикасының Заңдарын іске асыру мақсатында :

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитеті үш айлық мерзімде жылжымалы мүліктің лизинг шартын мемлекеттік тіркеу тәртібін көздейтін нормативтік құқықтық кесімнің жобасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізсін.

2. Мемлекеттік кіріс, Қаржы, Экономика, Энергетика, индустрия және сауда, Ауыл шаруашылығы, Көлік және коммуникациялар министрліктері бір айлық мерзімде Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген тауарларды уақытша әкелудің және уақытша әкетудің кедендік режимі қолданылатын лизинг заттарының тізбесін бекітуді көздейтін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

*Премьер-Министр*